

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 504 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 қазанда № 2832 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 3 маусымдағы № 179 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 03.06.2016 № 179 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 28.05.2015 № 304 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ділдәбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С.Ерғай

Арыс қаласы әкімдігінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 504 қаулысына 1-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
		республикалық есебінен	жергілікті есебінен
1	3038	1894	1144

Арыс қаласы әкімдігінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 504 қаулысына 2-қосымша

## Жан басына шағып қаржыландырудың мөлшері

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге	
Бала бақша	Мектеп жанындағы шағын орталық
21293	9526

Арыс қаласы әкімдігінің  
2014 жылғы 1 қазандағы  
№ 504 қаулысына 3-қосымша

## Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)	Айына бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)
	300	6300

Ескертпе: Айына бір балаға тамаққа кететін шығын 21 күнге есептелген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК